

## **Маңғыстау облысы бойынша 2026 жылға мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 279 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 207 "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 32737 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша тізімдік саны бар ауыр жұмыстары, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*Н. Қылыбай*

Маңғыстау облысы  
әкімдігінің 2025 жылғы "25"  
желтоқсандағы № 279  
қаулысына қосымша

**Маңғыстау облысы бойынша 2026 жылға арналған ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары**

**санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүтедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
Ақтау қаласы				
1	Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "Абыл Тарақұлы атындағы балалар өнер мектебі" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	200	3	6
2	"Sultan Mebel" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200	3	6
3	"Производственная фирма "Магаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	3	5
4	"Арғымақ-СС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	3	4
5	"West Alliance Trade" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	2	2
6	"ASU OIL TRADE" Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі	200	3	6
7	"АЛТЫН ДӨН АҚТАУ" Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі	80	2	2
	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "			

8	Маңғыстау көп бейінді облыстық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	311	4	12
9	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының маңғыстау облысы бойынша филиалы	310	4	12
10	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 1 Ақтау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	310	4	12
11	"Назарбаев зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының" "Ақтау қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі" филиалы	225	3	7
12	Маңғыстау облысы әкімдігінің маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы облыстық стоматологиялық	220		7

	орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		3	
13	"Частное охранное предприятие" арыстан - 2007-Ақтау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	250	3	8
БАРЛЫҒЫ:		2676	%	89
Жаңаөзен қаласы				
1	Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 20 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	160	3	5
2	Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар Колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	102	3	3
3	Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 17 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	81	2	2
	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңаөзен көп бейінді қалалық			

4	ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	101	3	3
5	Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "Қашаған Күржіманұлы атындағы № 8 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	105	3	3
6	"Жалымбетов мединалық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	160	3	5
7	Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "Абай Құнанбаев атындағы № 19 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	130	3	4
8	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 1 Жаңаөзен қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	105	3	3

9	Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзен Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	110	3	3
10	Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенинвест" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	450	4	18
11	Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 11 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	251	4	10
12	Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 23 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	251	4	10
13	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	251	4	10

14	"NEIRON-MED" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	251	4	10
БАРЛЫҒЫ:		2508	%	89
Бейнеу ауданы				
1	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Бейнеу лицейі" КММ	107	3	3
2	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Бейнеу гимназиясы" КММ	129	3	4
3	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Үстірт жалпы білім беретін мектеп" КММ	185	3	6
4	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің " Ж.Қалдығараев атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ	97	2	2
5	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің " Ү.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ	104	3	3
	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы			

6	бойынша білім бөлімінің "Сам жалпы білім беретін мектеп" КММ	164	3	5
7	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Атамекен жалпы білім беретін мектеп" КММ	156	3	5
8	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Күйкен жалпы білім беретін мектеп" КММ	140	3	4
9	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Бейнеу жалпы білім беретін мектеп" КММ	112	3	3
10	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Манашы жалпы білім беретін мектеп" КММ	200	3	6
11	Маңғыстау облысының білім басқарамасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ	129	3	4
12	Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Бейнеусервис"	200		6

	коммуналдық кәсіпорны		3	
13	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Бейнеу көпбейінді орталық аудандық ауруханасы" ШЖҚ МКК	896	4	36
БАРЛЫҒЫ:		2619	%	87
Қарақия ауданы				
1	Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қарақия аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	142	3	4
2	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "Құрық балалар өнер мектебі" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	61	2	1
3	Маңғыстау облысының білім басқармасының қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "Құлыншақ" бөбекжайы" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	73	2	1

4	"Аксон Мед" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	115	3	3
5	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 6 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	3	3
6	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 1 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	92	2	2
7	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "№5 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	113	3	3
8	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "Зердебай Бекарыстанұлы атындағы №3 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	158	3	5
	Маңғыстау облысының білім басқармасының			

9	Қаракия ауданы бойынша білім бөлімінің" №7 жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	107	3	3
10	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қаракия ауданы бойынша білім бөлімінің "жалпы білім беретін Қарақұдық мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	114	3	3
11	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қаракия ауданы бойынша білім бөлімінің "Қашаған Куржіманұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2	2
12	Қаракия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің " Қаракия Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	137	3	4
13	Маңғыстау облысының білім басқармасының " Қаракия кәсіптік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	104	3	3
	Маңғыстау облысының білім			

14	басқармасының " облыстық санаторлық мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	3
15	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "№8 жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	177	3	5
16	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының " Қарақия орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	102	3	3
17	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі маңғыстау облысының полиция департаменті Қарақия ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі	80	2	2
БАРЛЫҒЫ:		1869	%	50
Маңғыстау ауданы				
1	Маңғыстау аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Өрлеу" мемлекеттік	151		5

	коммуналдық қазыналық кәсіпорны		3	
2	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының " Маңғыстау орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	465	4	19
3	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Мекерия Атымов атындағы №6 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	136	3	4
4	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Берекет Жұмалиев атындағы жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	126	3	4
5	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Нұн Жұбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	129	3	4

6	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "№1 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	107	3	3
7	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Алшын Меңдалыұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	166	3	5
8	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Тұрар Жалғасбайұлы атындағы жалпы білім беретін Шайыр мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	85	2	2
9	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	113	3	3
	Маңғыстау облысының білім басқармасының			

10	Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Е.Айшуақұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	3	3
11	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Өтес жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	110	3	3
БАРЛЫҒЫ:		1703	%	55
Мұнайлы ауданы				
1	Маңғыстау облысы білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№19 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	221	3	7
2	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№13 Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	189	3	6
3	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "Қызылтөбе лицейі" коммуналдық	87		2

	мемлекеттік мекемесі		2	
4	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№2 Жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	253	4	10
5	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№4 Жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	252	4	10
6	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№21 Жалпы беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	133	3	4
7	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№15 Жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	251	4	10
8	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№9 жалпы білім беретін	370		15

	мектеп " коммуналдык мемлекеттік мекемесі		4	
9	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "Шоғы мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдык мемлекеттік мекемесі	280	4	11
10	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№10 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдык мемлекеттік мекемесі	250	4	10
БАРЛЫҒЫ:		2286	%	85
Түпқараған ауданы				
1	Түпқараған ауданы әкімдігінің " Түпқараған су жүйесі" мемлекеттік коммуналдык кәсіпорыны	107	3	3
2	Шаруашылық жүргізілу құқығымен Түпқараған ауданы әкімдігінің жанындағы " коммуналдык қызмет" мемлекеттік коммуналдык кәсіпорыны	97	2	2
	Маңғыстау облысының білім басқармасының түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Сайын			

3	Шапағатов атындағы жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	162	3	5
4	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің " З.О.Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	2	1
5	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы " Түпқараған орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	251	4	10
6	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің " Ақшұқыр мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	129	3	4
7	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің " Форт-Шевченко мектеп-лицейі" коммуналдық	101		3

	мемлекеттік мекемесі		3	
БАРЛЫҒЫ:		907	%	28

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК